

**"Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің корпоративтік басқару стандарттарын енгізу және Кеден одағы шеңберінде инвестициялық бизнес-ахуалды одан әрі жақсарту жөніндегі кешенді жұмыс жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 643 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1092 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 103 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 103 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің корпоративтік басқару стандарттарын енгізу және Кеден одағы шеңберінде инвестициялық бизнес-ахуалды одан әрі жақсарту жөніндегі кешенді жұмыс жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 643 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жыл қорытындысы бойынша 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне оның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жыл қорытындысы бойынша 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің корпоративтік басқару стандарттарын енгізу және Кеден одағы шеңберінде инвестициялық бизнес-ахуалды одан әрі жақсарту жөніндегі кешенді жұмыс жоспарында:

1-бағыттың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бағыт. Корпоративтік басқару мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарға корпоративтік басқаруды енгізу»; реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5-жолдар мынадай редакцияда жазылсын: «

2.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК хаттамасы	ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, Әділетмині	2015 жылғы желтоқсан	тала етілм
3.	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылғы 17 мамырдағы № 86 бұйрығымен бекітілген Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар үшін корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ҰЭМ бұйрығы	Ұ Э М , « Самұрық-Қазына» ҰӘҚ » АҚ (келісім бойынша) , «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ (келісім бойынша), «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)	2016 жылғы қыркүйек	тала етілм
4.	«Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі бұйрығының жобасын әзірлеу және бекіту	Ұ Э М бұйрығы	Ұ Э М , « Самұрық-Қазына» ҰӘҚ » АҚ (келісім бойынша	2016 жылғы қыркүйек	тала етілм
5.	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқаруды енгізуге мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне мониторинг бойынша есеп	ҰЭМ	2016 жылдан бастап жыл сайын, 25 желтоқсанға қарай	тала етілм

»;

реттік нөмірлері 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

9.	Қазақстан Республикасының, Беларусь Республикасының және Ресей Федерациясының инвестициялық саясатына, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларына және бағдарламалық құжаттарына салыстырмалы талдау жүргізу	ҰЭМ-ге ақпарат	ИДМ	2016 жылғы наурыз	тала етілме
10.	Қазақстанның жүргізіліп отырған инвестициялық саясаты шеңберінде Кеден одағы мен Бірыңғай мүмкіндіктерін талдау және қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін осы әлеуетті барынша пайдалану бойынша шаралар әзірлеу	ҰЭМ-ге ақпарат	ИДМ, ӨЭМ	2016 жылғы наурыз	тала етілме

»;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

м ы н а :

«Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«ИДМ - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*